

Аудандық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу қағидаларын бекiту туралы

Күшiн жойған

Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкiмдiгiнiң 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 452 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әдiлет департаментiнде 2015 жылғы 20 қаңтарда № 3773 болып тiркелдi. Күшi жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкiмдiгiнiң 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 30 қаулысымен

Ескерту. Күшi жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкiмдiгiнiң 21.01.2016 № 30 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергiлiктi мемлекеттiк басқару және өзiн-өзi басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Мемлекеттiк мүлiк туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа ала отырып, "Мемлекеттiк мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекiту туралы" 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң қаулысына сәйкес Казталов ауданы әкiмдiгi **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берiлiп отырған Аудандық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу қағидаларын бекiтiлсiн.

2. "Казталов ауданының экономика және қаржы бөлiмi" мемлекеттiк мекемесi заңнамада белгiленген тәртiппен осы қаулыны жүзеге асыру жөнiндегi қажеттi шараларды алсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкiмiнiң орынбасары С. Ғ. Бегжановқа жүктелсiн.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi.

*Аудан әкiмiнiң мiндетiн
атқарушы*

Н. Құтхожин

2014 жылғы 19 желтоқсандағы
№ 452 Казталов ауданы
әкiмдiгiнiң қаулысымен
бекiтiлген

Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидалары

1. Осы Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларының 50-тармағына сәйкес әзірленді және аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртібін айқындайды.

2. Аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансында тұрған мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерін және құрылысты мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу осы қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес объектінің аумақтық орналасуы, құрылыстың үлгісі, объектінің түрі, объектінің қолайлылық дәрежесі, жалдаушының объектіні пайдалануы және жалдаушының ұйымдық-құқықтық нысаны ескерілетін базалық мөлшерлеме мен қолданылатын коэффициент көлемі негізінде анықталады.

Мүліктік жалдауға (жалға алуға) берілетін мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілері мен құрылыстарын бір айға жалдау ақысының ең төменгі мөлшері тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен кем болмауы тиіс.

Мүліктік жалдауға (жалға алуға) берілетін мемлекеттік тұрғын емес қордың және құрылыс объектілерін жылдық жалдау ақысын есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$\text{Жал} = \text{Бмк} \times \text{Қ1} \times \text{Қү} \times \text{Қ2} \times \text{Қ3} \times \text{Қ4} \times \text{Қүкн} \times \text{S},$$
 мұнда:

Жал – жылына коммуналдық заңды тұлғалардың балансында тұрған мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерін мүліктік жалдау ақысының мөлшерлемесі;

Бмк - тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген 1,5 айлық есептік көрсеткішке тең объектінің жалпы алаңының 1 шаршы метріне жалдау ақысының базалық мөлшерлеме көлемі, бір жылға теңгемен;

Қ1 – объектінің аумақтық орналасуын ескеретін коэффициент;

Қү – құрылыстың үлгісін ескеретін коэффициент;

Қ2 – объектінің түрін ескеретін коэффициент;

К3 – объектінің қолайлылық дәрежесін ескеретін коэффициент;
К4 – жалдаушының объектіні пайдалануын ескеретін коэффициент;
К_{қкн} – жалдаушының ұйымдық-құқықтық нысанын ескеретін коэффициент;
S – жалға алынатын объектінің жалпы алаңы, шаршы метр.

3. Аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансында тұрған жабдықтарды, көлік құралдарын және өзге де жылжымайтын мүліктерді (заттарды) мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жылдық жалдау ақысын есептеу осы қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес мына формула бойынша жүзеге асырылады:

Жал = Ққ х Пм, мұнда:

Жал – аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансында тұрған жабдықтар, көлік құралдар және өзге де жылжымайтын мүліктер (заттары) үшін жалдау ақысы, бір жылға теңгемен;

Ққ – бухгалтерлік есеп деректері бойынша мүліктік жалдауға (жалға алуға) берілген жабдықтардың, көлік құралдарының және өзге де жылжымайтын мүліктердің (заттардың) қалдық құны, теңгемен;

Пм – жалдаушының қызмет түріне қарай (салалар бойынша) жабдықтарды, көлік құралдарын және өзге де жылжымайтын мүліктерді (заттарды) мүліктік жалдауға (жалға алуға) берілетін пайыздық мөлшерлеме, бір жылға пайызбен.

100 пайыз тозуы есептелген жабдықтарды, көлік құралдарын және өзге де жылжымайтын мүліктерді (заттарды) мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде қалдық құны жабдықтардың, көлік құралдарының және өзге де жылжымайтын мүліктердің (заттардың) бастапқы (қалпына келтіру) құнынан 10 пайыз мөлшерінде қабылданады.

4. Мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерін және құрылыстарды, сондай-ақ жабдықтар, көлік құралдарын және өзге де жылжымайтын мүліктерді (заттарды) сағат бойынша мүліктік жалдауға (жалға алуға) ұсыну кезінде жалдау ақысын есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

Жс = Жал/12/К/24, мұнда:

Жс – аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансында тұрған мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілері және құрылыстары, сондай-ақ жабдықтар, көлік құралдары және өзге де жылжымайтын мүліктер (заттар) үшін жалдау ақысы, бір сағатқа теңгемен;

Жал – аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансында тұрған мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілері және құрылыстары, сондай-ақ жабдықтар, көлік құралдары және өзге де жылжымайтын мүліктер (заттар) үшін жалдау ақысы, бір жылға теңгемен;

К – объектілерді мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру жүзеге асырылатын айдағы күндердің саны.

Аудандық коммуналдық мүлікті
мүліктік жалдауға (жалға алуға)
беру кезінде жалдау ақысының
мөлшерлемесін есептеу
қағидаларына
1-қосымша

**Аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансында тұрған
мемлекеттік тұрғын
емес қордың объектілерін және құрылыстарды мүліктік жалдауға (жалға
алуға) беру
кезінде жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу**

Объектінің аумақтық орналасуын ескеретін коэффициент, "К1"

№	Объектінің аумақтық орналасуы	К1
1	2	3
1	Аудан орталығы	1,5
2	Ауыл	1,0

Құрылыстың үлгісін ескеретін коэффициент, Кү

№	Құрылыс үлгісі	Кү
1	2	3
1	Кеңселік	1,0
2	Өндірістік	0,8
3	Қойма, гараж, қазандық	0,6

Объектінің түрін ескеретін коэффициент, "К2"

№	Объектінің түрі	К2
1	2	3
1	Бөлек тұрған құрылыс (ғимарат)	1,0
2	Іргелес-жапсарлас салынған үй-жай, жапсарлас салынған үй-жай, осы кестенің 3-тармағын қоспағанда ғимараттағы үй-жайлардың бөлігі.	0,9
3	Астыңғы қабат (жартылай жертөле), жертөлелік үй-жай.	0,7

Объектінің қолайлылық дәрежесін ескеретін коэффициент, "К3"

№	Объектінің қолайлылық дәрежесі	К3
1	2	3

1	Абаттандырылған (барлық коммуникациялық жағдайлары бар болған кезде)	1,0
2	Инженерлік коммуникацияларсыз (сумен жабдықтау жүйесі, кәріз болмаған жағдайда), бірақ электр және жылу жүйелері болған кезде	0,9
3	Инженерлік коммуникацияларсыз	0,8

Жалдаушының объектіні пайдалануын ескеретін коэффициент, "К4"

№	Жалдаушының объектіні пайдалануы	К4
1	2	3
1	Халыққа қызмет көрсетуге арналған банктердің, "Қазпошта" акционерлік қоғамының есеп айырысу-кассалық орталықтары үшін	2,0
2	Брокерлік қызметті жүзеге асыру және кеден қызметтерін көрсету, айырбастау пункттері және қызметі бағалы қағаздар нарығымен байланысты ұйымдар, сақтандыру, инвестициялық компаниялар, нотариалдық кеңселер, адвокаттық кеңселер үшін.	3,0
3	Қоғамдық тамақтандыруды, сауда, қонақ үй қызметін көрсетуді ұйымдастыру үшін	2,5
4	Мынадай салаларда қызмет көрсетуді ұйымдастыру үшін:	1,1
1)	Ғылым және жоғары білім беру;	1,0
2)	орта арнаулы, кәсіптік білім беру;	0,9
3)	орта білім беру;	0,8
4)	мектепке дейінгі білім беру, қосымша білім беру.	
5	Денсаулық сақтау, спорт және мәдениет салаларында қызмет көрсетуді ұйымдастыру үшін	0,9
6	Қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру үшін:	
1)	кіруге шектеу қойылған мемлекеттік мекемелер	0,5
	ғимараттарында ;	
2)	жалпы білім беретін мектептерде, орта арнаулы білім беру	0,55
	мекемелерінде :	0,45
	асханалар: мемлекеттік емес заңды тұлғалар үшін	0,75
	жеке тұлғалар үшін ;	0,65
	буфеттер: мемлекеттік емес заңды тұлғалар үшін	0,6
	жеке тұлғалар үшін ;	0,75
3)	өзге де қызмет түрлері: асханалар ;	
	буфеттер.	
7	Халыққа қызмет көрсету (шаштараз, фотосурет, химиялық тазалау, кір жуу, киім, аяқ киім тігу және жөндеу, электр, радио, телеаппаратураларды және ұйымдастыру техникасын жөндеу)	0,6
8	Тұтыну тауарларын, өндіріс-техникалық бағыттағы өнімдерді және қызметтерді өндіру, ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеу	0,5
9	Өзге де қызмет түрлері (редакция, және осы кестегі 1-8 тармақтарда көрсетілген қызмет түрлерін қоспағанда, қызмет түрлері үшін)	1,9

Жалдаушының ұйымдық-құқықтық нысанын ескеретін коэффициент, "Құқн"

№	Жалдаушының ұйымдастыру-құқықтық нысаны	Құқн
1	2	3
1	Өндірістік кооперативтер құрмаған дара кәсіпкерлер үшін (сауда-сатып алу (делдалдық) қызметін қоспағанда, өндіріс қызметін ұйымдастыру және халыққа қызмет көрсету салаларын дамытуға шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін)	0,9

2	Мемлекеттік акциялар пакеті (қатысу үлесі) бар акционерлік қоғамдар (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер) үшін	0,8
3	Осы кестенің 1-3 тармақтарында көрсетілген жалдаушының ұйымдық-құқықтық нысандарын қоспағанда, жалдаушының ұйымдық-құқықтық нысандары үшін.	1,0

Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидаларына
2-қосымша

Жалдаушының қызмет түрін ескеретін коэффициент мәні, "Пм"

№	Жалдаушының қызмет түрлері (салалар бойынша)	П м , пайызбен
1	2	3
1	Тұрмыстық қызмет көрсету, коммуналдық шаруашылық, қоғамдық тамақтандыру (асхана, буфет), тамақ өнімдерін өндіру, халыққа медициналық, емдеу-сауықтыру қызметтерін көрсету, білім беру, спорт, мәдени-ағарту қызметі	28
2	Тұтыну тауарларын өндіру, өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдер және қызмет көрсетулер, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, ауыл шаруашылығы, құрылыс, ақпараттық-есептеу және ұйымдастыру техникасы, байланыс	33
3	Көтерме-бөлшек және комиссиялық сауда, қоғамдық тамақтану (мейрамхана, кафе, бар)	38
4	Осы кестенің 1-3 тармақтарында көрсетілген қызмет түрлерін қоспағандағы, қызмет түрлері үшін	38